

Ел іші алтын бесік

«Ел іші алтын бесік» вариативтік жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1.	«Сәлем – сөздің анасы»	Мақсаты: Халқымыздың салт – дәстүріндегі инабаттылық ережесі туралы түсініктерін тереңдету арқылы балаларды сәлемдесу мәдениетіне, үлкенді сыйлауға, имандылыққа тәрбиелеу. Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа, адамдар мен қарым – қатынас жасай білуге баулу.	1
2.	«Бата»	Мақсаты: Балаларды қасиетті рухани ұғым батамен, оның түрлерімен таныстыру.	1
3.	«Жеті ата»	Мақсаты: Балаларға жеті саны киелі екенін ұғындыру. Сөздік қорын байытып, қабілеттерін арттыру. Ата-баба аруағына тәу етіп, адамгершілікке тәрбиелеу.	1
4.	«Қазақтың салт дәстүрлері»	Мақсаты: Қазақ халқының қанына сіңген ізгі адамгершілік қасиеттерін халықтың салт-дәстүрлерімен сабақтастығын түсіндіру, кейбір халық әндерін, мақал-мәтелдерін үйрету. Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.	1
5	«Шілдеhana»	Мақсаты: Жас ұрпаққа ата-баба салт-дәстүрін бойына сіңіріп, оны жалғастырып өсуге тәрбиелеу. Қыздарға нәрестенің дүниеге келген құрметіне арналған салт-дәстүрлердің бірі – шілдеhana екенін ұғындыру.	1
6	«Балаға ат кою»	Мақсаты: Қазақ халқының ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерін дәріптеу, балалардың қазақ халқына, туған жеріне, ұлттық ідет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. Халқымыздың салт-дәстүріне байланысты, өлең, мақал-мәтелдері арқылы балаларды шешендік өнерге баулу.	1
7	«Баланы қырқынан шығару»	Мақсаты: Қазақ халқының ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерін дәріптеу, балалардың қазақ халқына, туған жеріне, ұлттық ідет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. Халқымыздың салт-дәстүріне байланысты, өлең, мақал-мәтелдері арқылы балаларды шешендік өнерге баулу.	1
8	«Сүндет той»	Мақсаты: Қазақ халқының ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерін дәріптеу, балалардың қазақ халқына, туған жеріне, ұлттық ідет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. Халқымыздың салт-дәстүріне байланысты, өлең, мақал-мәтелдері арқылы балаларды шешендік өнерге баулу.	1
9	«Тұсау кесу»	Мақсаты: Қазақ халқының ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерін дәріптеу, балалардың қазақ халқына, туған жеріне, ұлттық ідет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. Халқымыздың салт-дәстүріне байланысты, өлең, мақал-мәтелдері арқылы	1

		балаларды шешендік өнерге баулу.	
10	«Бесікке салу»	Мақсаты: салт-дәстүр туралы ұғымды қалыптастыру. «Бесікке салу» дәстүрін көрсету арқылы үйрету. Ойларын дамыту, сөздік қорларын молайту.	1
11	«Қазақтың салт дәстүрлері»	Мақсаты: Қазақ халқының қанына сіңген ізгі адамгершілік қасиеттерін халықтың салт-дәстүрлерімен сабақтастығын түсіндіру, кейбір халық әндерін, мақал-мәтелдерін үйрету. Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.	1
12	«Ас атасы-нан»	Мақсаты: Дән тұқымымен танысу,бидайдан нан жасалынатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі істелетін еңбек мазмұнымен, қолданылатын техникалардың аттарымен таныстыру. Диханшылардың еңбегімен таныстыру. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу	1
13	«Қазақ халқының тағамдары»	Мақсаты: Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндірумен, қатар қандай жолмен алынатынын, түрлерін үйрету арқылы құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларды ұлтжандылыққа, көргенділікке, шапшаңдыққа терең ойлай білуге, жан-жақтылыққа тәрбиелеу	1
14	«Қазақ халқының тағамдары»	Мақсаты: Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндірумен, қатар қандай жолмен алынатынын, түрлерін үйрету арқылы құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларды ұлтжандылыққа, көргенділікке, шапшаңдыққа терең ойлай білуге, жан-жақтылыққа тәрбиелеу	1
15	«Қонақжайлық»	Мақсаты: Қазақ халқының қонақжай екендігі туралы айту. Инабаттылыққа, асыл сөздер бағалай білуге үйрету.	1
16	«Тыйым сөздер»	Мақсаты: Балалардың бойына еліміздің ата-салтын, адамгершілік асыл қасиеттерді бойларына сіңіре отырып, үлгі-өнеге алуға баулу.	1
17	Жұмбақтар»	Мақсаты: Балаларға жұмбақ туралы білім беру. Шығармашылық халық ауыз әдебиетімен таныстыру. Ой - өрісін дамыту. Тіл байлығын жетілдіру. Оқу қызметіне деген қызығушылығын арттыру.	1
18	«Мақал-мәтелдер»	Мақсаты: Балалардың мақал - мәтел туралы білім, білігін тереңдету, салыстыру, ажырата білу дағдылары мен оқу, талдау машықтарын қалыптастыру, мағынасын түсіне білуге үйрету, мақал - мәтел тіліміздегі сөздің көркі екенін ұғындыру	1

19	«Заттар неден жасалған? Адам өміріндегі маңызы»	Мақсаты: Балаларға адам өмірінде қолданылатын заттардың неден жасалғаны, маңыздылығы туралы түсінік беру. Заттардың қолдануы, жасалуы туралы түсініктерін, сөздік қорындамыту. Үлкендердің еңбеген бағалауға, айналасында қоршаған әрбір затқа қамқоршылықпен қарауға тәрбиелеу.	1
20	«Ұлттық киімдер»	Мақсаты: Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорын молайту, ұлттық сана-сезімін ояту, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу	1
21	«Төрт түлігім-өрісім»	Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету. Үй жануарларының төлдерін ажыратып айтуға, олардың қалай дыбыстайтынын меңгерту. Төрт түліктің пайдасы, олардан алынатын өнімдермен таныстыру. Балалардың сөздік қорын байыту, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларын күтуге, қамқор болуға, ересек адамдардың еңбегін құрметтеуге үйрету.	1
22	«Тыйым сөздер»	Мақсаты: Балалардың бойына еліміздің ата-салтын, адамгершілік асыл қасиеттерді бойларына сіңіре отырып, үлгі-өнеге алуға баулу.	1
23	«Қазақтың ұлттық аспаптары»	Мақсаты: Балаларды ұлттық аспаптармен таныстыру. Ұлттық аспаптарды бір бірінен ажырата білуге үйрету.	1
24	«Әсемдік бұйымдар»	Мақсаты: Балаларға қазақтың ұлттық бұйымдары, тұрмыстық қолданбалы заттар туралы түсінік беру. Ою - өрнек туралы мағлұмат беру. Дәстүрлі емес әдіс - тәсілдерді қолдана отырып, саусақпен ою - өрнекті салуды үйрету. Баланың есте сақтау қабілетін, елесін дамыту. Балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу	1
25	«Зергерлік өнер»	Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық мұраларын таныстыра отырып, зергерлік бұйымдар мұражайына саяхат жасау. Көне замандардан қазіргі заманымызға дейінгі қолданылған зергерлік бұйымдар туралы мәлімет беру, зергерлік өнердің қыр-сырын балаларға меңгерту;	1
26	«Қазақтың қол өнері»	Мақсаты: Қазақтың қолданбалы өнері аяққап, қоржынның жасалу түрлеріне, зергерлік бұйымдар мен ағаш бұйымдарына түсінік беру. Көрнекіліктер: Қазақтың ұлттық бұйымдары, қоржын, тұскиіз, топтастыру қағазы, бағалау парағы, фишкалар.	1
27	«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»	Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, әдептілікке, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.	1
28	«Түлкі мен	Мақсаты: Балаларға ертегінің мақсатын түсінуге көмектесіп түлкі мен қасқырдың жол үстінде жатқан	1

	қасқыр».	етке тап болғанын, бір-біріне сен жиі ғой деп айтқан сөздерін түсіндіру.	
29	«Қайырымдылық»	Мақсаты: Балаларды жақсылық, қайырымдылық, өзара көмек жайлы түсініктерін кеңейту, ойлау қабілетін, қызығушылығын, шығармашылық қабілетін арттыру. Өзара ынтымақтастыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.	1
30	«Ақылды қыз»	Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнымен таныстыру. Балаларға мейірімділік және ақылды ұғымдарын суреттерді көрсету арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту. Жақсы қасиеттерді тұла бойына сіңіруге баулу.	1
31	«Еңбекқор мен жалқау»	Мақсаты: Балаларды еңбек туралы түсініктерін кеңейту, еңбек ету дағдыларын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1
32	«Тыйым сөздер»	Мақсаты: Балалардың бойына еліміздің ата-салтын, адамгершілік асыл қасиеттерді бойларына сіңіре отырып, үлгі-өнеге алуға баулу.	1
33	«Ақыл.Ғылым.Бақыт»	Мақсаты: Балалардың ой-өрісін дамыту.Ақыл,ғылым бақыт сөздерінің мағынасын түсіндіру	1
34	«Байлық пен ақыл»	Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиеті үлгісі - ертегімен таныстыра отырып оларға адалдық, ойшылдық ақылдылық адамды бақытқа жеткізетінін түсіндіру. Балалардың сөздік қорын молайту.Мейірімділікке, еңбек кештікке тәрбиелеу.	1
35	«Қонақ күту рәсімі»	Мақсаты: Балаларға қазақ халқының қонақжайлы халық екенін түсіндіру. Үйге келген қонаққа кең пейілділік таныту керектігін ұғындыру	1
36	«Жеті ата»	Мақсаты: Балаларға жеті саны киелі екенін ұғындыру. Сөздік қорын байытып, қабілеттерін арттыру. Ата-баба аруағына тәу етіп, адамгершілікке тәрбиелеу.	1
			Сағат-36

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Сәлем – сөздің анасы»

Мақсаты: Халқымыздың салт – дәстүріндегі инабаттылық ережесі туралы түсініктерін тереңдету арқылы балаларды сәлемдесу мәдениетіне, үлкенді сыйлауға, имандылыққа тәрбиелеу. Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа, адамдар мен қарым – қатынас жасай білуге баулу.

Көрнекіліктер: мазмұнды суреттер, нақыл сөздер.

Оқу қызметінің барысы:

Амандасу.

Қуан, шаттан, алақай!

Қуанатын келді күн

Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін

Сәлеметсіз бе, амансыз ба?

Бәріміз күндей жарқырайық

Бәріміз тату болайық!

Құрметті апайлар мен жас бүлдіршіндер!

«Сәлем – сөздің анасы» деп аталатын тақырып, яғни ол тегін емес.

Неге десеніздер сәлем - әдептілік белгісі.

Сәлемдесу адамдардың бір – бірінің амандығын біліп, қуанышқа бөлену, тілдесу, яғни ізеттілік пен инабаттылық нышанын білдіреді. Сәлем – сөздің анасы» деп неге айтқан?

Үлкен адамдарға сәлем беру – кішінің міндеті. Сәлем беру инабаттылық, имандылық, көргенділік, мәдениеттілік белгісі. Ал, балалар енді біз кімге қалай сәлем береді екенбіз.

Тәрбиеші: Халқымызда ақ сақалды атаны, ақ жаулықты ананы жалпы үлкенді сыйлап, алдынан қия өтпей сәлем беру ата – дәстүрімізде бар қасиет.

Енді біз үлкен кісілеріміздің алтын ақылдарын еске түсірейік. **Тәрбиеші:**

Балалар, сәлем беру, әдептілік туралы көптеген даналар өз ойларын айтқанекен. Өздерің білетін нақыл сөздерді айтайық. Әдепті бала ата-анасын мақтатар Әдепсіз бала ата-анасын қақсатар

Кеспе жолын үлкеннің, шыдамсыздық үлкен мін. Сыйлап үлкен кісіні, аялаған кішіні .Ана алдында – құрмет, ата алдында – қызмет

Сергіту сәті

Үлкенге де сіз

Кішіге де сіз

Баршаңызды құрметтеп

Бас иеміз біз.

Қане, балалар атаң мен әжеңнің аузынан естіген әдепті, тағылымды сөздерді

кім айта алады? Енді балалар, мен сендерге әдептілік жайында өлең оқимын, қандай әдепті сөз айту керек екенін айтасыңдар. Мұқият тыңдаймыз. Апаң сенің базардан
Алма сатып әкелді,
Ең үлкенін жақсысын,
Саған тандап әперді
Не деп барып жеу керек?
«Рахмет» деу керек
Әжең сенің түскі асқа,
Міне, балалар осынау бәрінен қандай түйін шығарар едіңдер?
Біздің топта ұл–қыздар
Тату–тәтті ойнаймыз
Әлемдегі бар жанға
Тек жақсылық ойлаймыз деп бүгінгі «Балапан» тобында болып өткен
Балаларды жақсы қатысып отырғандарды текшелермен мадақтап, бағалау.

Апта:
Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Бата»

Мақсаты: Балаларды қасиетті рухани ұғым батамен, оның түрлерімен таныстыру.

Сөздік жұмыс: абыройың зор болсын, ақ бата, алғыс батасы.

Оқу қызметінің барысы:

Бата-бата беру, бата алу.

Бұл еліміздің дәстүрлерінің ішіндегі ең бір рухани, қасиетті ұғым болып табылады.

Ақ тілеудің белгісі-бата.

Ол кез келген жерде айтыла бермейтін қасиетті рухани ұғым.

Ең жақсысын халық «Ақ бата» деп қастерлейді.

Батаның бірнеше түрлері бар.

Мақал

«Батамен ер көгерер, жаңбырмен жер көгерер»

Дастарханға бата

Дастарханын мол болсын,

Абыройың зор болсын.

Алғыс бата:

Бақ берсін, бас берсін,

Өміріңе ұзақ жас берсін

Наурыз батасы.

Ұлыстың ұлы күнінде

«Наурыз көжеге» шақырғанда:

«Наурызнама тойын өткізер халықты риза қылған адамдарға, өнер көрсеткен ағаларға, билер қол жайып бата береді.

Бұл бата жалпы көпшілікке де бағышталады».

Наурыз күні дуалы ауыздың уыз батасын алуға тырысады.

Наурыз батасының орны ерекше.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері:Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы:«Жеті ата»

Мақсаты:Балаларға жеті саны киелі екенін ұғындыру. Сөздік қорын байытып, қабілетерін арттыру. Ата-баба аруағына тәу етіп, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: слайдтар, жеті саны, көркем суреттер.

Оқу қызметінің барысы:

Қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында жеті атасын үйрету, атадан балаға жалғасады. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы т.б. жеті атасының нақтылы есімдерін жаттап өседі.

Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады.

Ал, екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен жалғасады.

Жеті атаға толмай бір-бірімен қыз алыспайды.

Үшіншіден, бір атадан тараған туыстары бір – бірімен туыстық, бауырмалдылық, сыйластық болады.

«Ғажайып жетілік» берілген 1-7 сандардың артында сұрақ жасырылған.

Сол сұраққа жауап беру.

-7 саны туралы не білесің?

-7 атаны атап бер?

-7 жоқты атап бер?

-7 қазынаны атап бер?

-7 қатты атап бер?

-7 күнді атап бер?

Мақал жаттау

Ағайын – туыс

Алты аға бірігіп әке болмас

Алты жеңіл бірігіп ана болмас.

Шаттық шеңбер:

Қуан шаттан алақай

Қуанатын келді күн.

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін.

Табиғат бұрышымен таныстыру.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Бір аптада неше күн бар?

-Ия, дұрыс айтасындар! Олай болса, балалар, бүгін 7 санына байланысты «Жеті ата» туралы өтеміз.

Аға-бордан, іні-зордан

Ағайын ала болса

Ауыздағысынан айырылады.

Ағасы ақылдының ауылы азбайды,

Жеңгесі шебердің тоны тозбайды.

Ағайын бір өліде, бірі тіріде керек.

Жеті атасын жаттап келу.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Қазақтың салт дәстүрлері»

Мақсаты: Қазақ халқының қанына сіңген ізгі адамгершілік қасиеттерін халықтың салт-дәстүрлерімен сабақтастығын түсіндіру, кейбір халық әндерін, мақал-мәтелдерін үйрету. Иmandылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Көрнекіліктер: Қазақ үйінің жасауы, мақал-мәтелдер, даналардан шыққан сөз, қолөнер бұйымдары, ою-өрнек түрлері.

Оқу қызметінің барысы: Нақыл сөз

«Дұшпанға қатал, досқа адал- халық»

Қай заман болсын адамзат алдында тұратын басты міндет-адал, білімді, еңбексүйгіш ұрпақ тәрбиелеп өсіру.

Бұл міндетті әр халық салт-дәстүріне орай іске асырады. Яғни әр халық ғасырлар бойы сыннан өтіп, сұрыпталған озық салт-дәстүрлерін жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланып келген. Бала тәрбиесі тек мектеп қабырғасында ғана берілмейтіні анық.

Ананың бесік жырынан бастап, адамның жер қойнына берілгенге дейінгі өзі көріп – білген салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар барлығы да адамның дүниетанымын қалыптастыратын өмір сабақтары.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып атадан балаға қалып отыратын мол мұра. Әр ұлттың өзіне тән салт-дәстүрі бар. Салт-дәстүрдің пайда болып, қалыптасу тарихына көз жіберсек, олар халықтың әл-ауқат, тұрмыс-тіршілік болмысынан туып қалыптасатынын көреміз.

Қоғамдық салт-қоғамдық болмыстан туындайды деген осы. Сондықтан халық дәстүрлерінің дұрыс-бұрысы бар деуге болмайды.

Халық педагогикасының тұрмыстық ереже болып, халықтың салтына айналған әдет-ғұрыптардың тәрбиелік мәні ерекше.

Халық тәрбиені балаға ана құрсағында жатқаннан бастайды. Оған куә іштегі сәбидің уақытында дүниеге келуі үшін үлкен аналар түрлі ырымдарын жасайды.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Шілдеhana»

Мақсаты: Жас ұрпаққа ата-баба салт-дәстүрін бойына сіңіріп, оны жалғастырып өсуге тәрбиелеу. Қыздарға нәрестенің дүниеге келген құрметіне арналған салт-дәстүрлердің бірі – шілдеhana екенін ұғындыру.

Сөздік жұмыс: Нәресте, шілдеhana.

Оқу қызметінің барысы:

«Шілдеhana бесік той» әні күйсандықпен орындалады. Қыздар кіріп, жайғасып отырады. Нәрестенің дүниеге келген құрметіне арналған салт-дәстүрлердің бірі – шілдеhana туралы айтылады.

Дүниеге келген нәрестенің құлағына үш рет айқайлап ат қояды.

Ат қою кәдесі беріледі. Қыздар тақпақтар айтады:

Бөпем менің ай ма екен?

Шекер ме екен, бал ма екен?

Ойнақтап бір бәйгеден

Озып келер тай ма екен?

Туғаннан соң адам боп,

Білімсізден жаман жок.

Ел дәстүрін білмесең,

Жұрт айтады, надан деп.

« Нәрестені 40 күннен соң ыдысқа 40қасық су құйып, теңгелер салған суға шомылдырып, шашын, тырнағын алу керектігі айтылады.

Ашын аяқ баспайтын жерге көміп отырады.

«Қара шаштың қарғысы қатты болады» деген сөз бар. Шілдеhanaға жан-жақтан келгендер үй ішімен қоштасып, бата береді. Дүниеге келген жас нәрестеге қандай құрмет көрсетіледі екен? Нәрестенің дүниеге келуіне байланысты қандай кәделері болады? Тағы да қандай кәделерді білесіңдер?

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Балаға ат қою»

Мақсаты: Қазақ халқының ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерін дәріптеу, балалардың қазақ халқына, туған жеріне, ұлттық ідет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. Халқымыздың салт-дәстүріне байланысты, өлең, мақал-мәтелдері арқылы балаларды шешендік өнерге баулу.

Көрнекіліктер: көркем суреттер, мақалдар, ойындар.

Оқу қызметінің барысы: Ұмытқандар салт-дәстүрін адасар,

Салт-дәстүрін сақтағанның бағы асар,

Халқымыздың ұлттық әдет-ғұрпын біліп жүрсек.

Тұлғамызға жарасар-деп біз бүгін сендермен салт-дәстүріміздің бір түрі ат қою рәсімімен танысамыз. Ат қою-бұл рәсім ұлағатты кісіге жүктеледі. Қазақ аттарының көптігі басқа халықтардан ерекшелігі. Қыз балалардың есімдері олардың көркемдігі. Ат қою «көз тимейсін» деген оймен қойылады. Ат таңдалғаннан

кейін баланың құлағына 3 рет қайтара айтылады.

Балаға ат қою дәстүрі мынадай бөлімдерден тұрады.

-артық саусағына қарай ат қою

-балаға тіл көз тимейді деген ниетпен ат қою

-баланың дені сау, жаны берік болу үшін ат қою

-баласы шетіней берген үйде жас сәбиге ат қою

-Төрт түлік мал, аң құстарға байланысты

- ұлы жоқ үйде қыз туғанда

-мұрат, мақсатыма жеттімау деген ниетпен.

Жаңарғаны сананың

Ұмытады мұны кім?

Ата- салтын бабамның

Алып келді осы күн- деп бүгінгі оқу іс-қызметімізді аяқтаймыз.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері:Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Баланы қырқынан шығару»

Мақсаты:Қазақ халқының ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерін дәріптеу, балалардың қазақ халқына, туған жеріне, ұлттық ідет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. Халқымыздың салт-дәстүріне байланысты, өлең, мақал-мәтелдері арқылы балаларды шешендік өнерге баулу.

Көрнекіліктер: көркем суреттер, мақал.

Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер:

Қуан шаттан алақай

Қуанатын келді күн.

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін. Ұмытқандар салт-дәстүрін адасар,

Салт-дәстүрін сақтағанның бағы асар,

Халқымыздың ұлттық әдет-ғұрпын біліп жүрсек.

Тұлғамызға жарасар-деп біз бүгін сендермен салт-дәстүріміздің бір түрі баланы қырқынан шығару рәсімімен танысамыз.

баланы қырқынан шығару-бөбек дүниеге келген соң 40 күннен соң оның алғаш рет шашы мен тырнағы алынып, бесікке салу рәсімі орындалады, 40 күннің өзі ананың бой көтеріп, денсаулығы түзелген кезде болады. жалпы осы уақыт ішінде ананың да баланың да денсаулығы өте мықты күтімді қажет етеді. Анаға кіндік шеше көмектесу керек. Бұл дастархан басына тек әйел адамдар келіп қатысады. Ұмытқандар салт-дәстүрін адасар,

Салт-дәстүрін сақтағанның бағы асар,

Халқымыздың ұлттық әдет-ғұрпын біліп жүрсек.

Тұлғамызға жарасар-деп біз бүгін сендермен салт-дәстүріміздің бір түрі баланы қырқынан шығару рәсімімен танысамыз.

баланы қырқынан шығару-бөбек дүниеге келген соң 40 күннен соң оның алғаш рет шашы мен тырнағы алынып, бесікке салу рәсімі орындалады, 40 күннің өзі ананың бой көтеріп, денсаулығы түзелген кезде болады. жалпы осы уақыт ішінде ананың да баланың да денсаулығы өте мықты күтімді қажет етеді. Анаға кіндік шеше көмектесу керек. Баланы қырқынан шығаруда орындалатын салт-дәстүрлер мынадай: Ұл баланы қырқынан

шығару мерзімі 37-39 күнде, ал қыз баланы 42-44 күнде қырқынан шығарады. Баланы шомылдыру, сүт тырнағын алу, қарын шашын алу, ит көйлегін ауыстыру.

Сурет бойынша жұмыс

- Баланы неше күннен кейін қырқынан шағарады?
- қазақ халқының ұғымында қырық саны қандай сан?
- Қырқынан шығарған кезде тағы не істейді?
- Неше қасық су құйып шомылдырады.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері:Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Сүндет той»

Мақсаты:Қазақ халқының ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерін дәріптеу, балалардың қазақ халқына, туған жеріне, ұлттық ідет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

Халқымыздың салт-дәстүріне байланысты, өлең, мақал-мәтелдері арқылы балаларды шешендік өнерге баулу.

Көрнекіліктер: көркем суреттер, нақыл сөздер, өлеңдер.

Оқу қызметінің барысы: Ұмытқандар салт-дәстүрін адасар,

Салт-дәстүрін сақтағанның бағы асар,

Халқымыздың ұлттық әдет-ғұрпын біліп жүрсек.

Тұлғамызға жарасар-деп біз бүгін сендермен салт-дәстүріміздің бір түрі сүндет той рәсімімен танысамыз.

Сүндет той- қалыптасқан дәстүр бойынша ата-бабаларымыз ер балаларын 5-7 немесе 9 жасында сүндетке отырғызады.

Сүндет тойын өткізетін сәтті күнді алдын ала белгілеп алады. Тойға қонақтарды баланың өзі шақырады.

Оның бауырсақ пен кәмпит толтырылған қоржынынан басын тіреген үй иесі дәм татады да түсті матаны жыртып, бала мінген жорғаның жалына байлайды.

Сәрсенбінің сәтті күні баланы сүндетке отырғызады. Тойға келген адамдар «сүндетің қабыл болсын!» деп, баланың айналасына жеміс-жидек пен тәтті дәмдер толтырылады.

Бүгін қандай салт – дәстүрмен таныстыңдар?

Сүндет тойға қонақтарды кім шақырады?

-Баланы сүндетке қай күні отырғызады?

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Тұсау кесу»

Мақсаты: Қазақ халқының ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерін дәріптеу, балалардың қазақ халқына, туған жеріне, ұлттық ідет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. Халқымыздың салт-дәстүріне байланысты, өлең, мақал-мәтелдері арқылы балаларды шешендік өнерге баулу.

Көрнекіліктер: ала жіп, көркем суреттер.

Оқу қызметінің барысы: Ұмытқандар салт-дәстүрін адасар,

Салт-дәстүрін сақтағанның бағы асар,

Халқымыздың ұлттық әдет-ғұрпын біліп жүрсек.

Тұлғамызға жарасар-деп біз бүгін сендермен салт-дәстүріміздің бір түрі тұсау кесер рәсімімен танысамыз.

Тұсау кесер - бір жасқа толып еркін жүре бастаған бал бөбектің басқан қадамы құтты болып, одан әрі жаны жамандық көрмей жақсы жүріп кетуіне тілек білдіру салтанаты ретінде өтеді. Бөбектің тұсауын ата-ананың қалауы кеседі. Тұсауы кесілген баланы «Ақ жол болсын» деп ақ орамалдың үстімен немесе жұмсақ болсын деп кілем үстімен жүргізеді. Тұсау кесер жырлары айтылады:

Қаз қаз балам, қаз балам,

Қадамыңды жаз, балам

Әнекей, ақ бесік

Әлдиіме бақ бесік.

Шүмегіңді салайын

Сылдырмағын тағайын

Жібек көрпе жабайын

Күрмеуіңді шешейін

Тұсауыңды кесейін.

Ала жіппен баланың тұсауын кеседі. Тұсауы кесілген соң, сәбиді екі адам ортаға алып шығып, тез-тез жүргізеді. Осы кезде «Тұсаукесер» жыры шырқалады.

Неге ала жіппен кеседі?

Нақыл сөз

«Біреудің ала жібін аттама!»

-Тұсау кесу қашан жасалады?

-Тұсауды не үшін кеседі?

-Жіпті қандай адам кеседі?

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Бесікке салу»

Мақсаты: салт-дәстүр туралы ұғымды қалыптастыру. «Бесікке салу» дәстүрін көрсету арқылы үйрету. Ойларын дамыту, сөздік қорларын молайту.

Көрнекіліктер: бесік жабдықтары, суреттер.

Оқу қызметінің барысы: Қонаққа әже келді.

Бесік және бесік жабдықтарын көрсету. Ұлттық нақышпен безендірілген топ, жерге текемет, көрпешелер төсеулі. Домбыра, сандық, бесік т.б.

Сазды әуен орындалады. Осы ән ырғағымен қыздар кіріп, отырады. «Бесік» туралы түсінік беріледі. «Бесік» қасиетті, киелі мүлік. Жаңа туған баланы бесікке салу халқымыздың елеулі дәстүрлерінің бірі. Бесікке салу жолы әжелерге тапсырылады.

Сондықтан біз бүгін осы «бесікке салу» дәстүрін көрсетіп беру үшін Айсұлудың әжесін шақырдық. Әже алдымен қолына шырақ ұстап.

Алас, алас баладан алас,

Көзі жаманның көзінен алас,

Тілі жаманның тілінен алас,

Бісміллә, келді, міне иесі,

Қош, қош пәлесі, - деп бесікті аластайды.

Содан сон бесіктің жабдықтарымен таныстырады. Жастық, мамық, жөргек, түбек, шүмек, қолбау, тартпа-бау.

Бесікке баланы бөлей отырып, «Бесік жыры» айтылады.

Әже қыздарға осылай көрсетіп береді. Бесікке салған әжеге «бесік салар», яғни кәделі сыйлық беріледі. Қыздар бесік не үшін керек екен?

Оның қандай жабдықтары болады? Бесікке баланы бөлеген кезде қандай ән айтылады? Қонаққа келген әже балалармен қоштасады.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Ас атасы-нан»

Мақсаты: Дән тұқымымен танысу, бидайдан нан жасалынатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі істелетін еңбек мазмұнымен, қолданылатын техникалардың аттарымен таныстыру. Диханшылардың еңбегімен таныстыру. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: нан түрлерінің суреттері және піскен нан, ұн, диірмен, масақ, су, жыл мезгілдерінің суреттері. т.б.

Оқу қызметінің барысы: Сәлеметсіздерме балалар. Кәне балалар алдымен әдеп сақтап төрде отырған үлкендермен амандасып алайық. Балалар кәзір жылдың қай мезгілі? Жылдың неше мезгілі бар? Кәне атап шығайық. Далада ауа-райы қалай? Балалар көңіл күйлерің қалай? Олай болса көңілді болғанда не істейсіңдер? Ренжігенде? Қорыққанда? Таңқалғанда? Қуанғанда? Ендеше бір-бірімізге жылы лебізімізді білдірейік. Күніміз жарқын болсын, Аспанымыз ашық болсын. Күніміз сәтті болсын, Деніміз сау болсын. Балалар мына суреттен нені көріп тұрмыз? Балалар көктемде бұл тракторлар жерді жыртып, оны тырмалап, жерге мынадай бидай дәнін себеді. Екінші суреттен нені көріп отырсыңдар? Егінді орып жүрген комбайн, ол бидайды орып, тазартып, көлікке салып береді.

Үшінші суреттен нені көріп отырмыз. Диірменнен балалар ұн тартып шығарады

Төртінші суреттен нені байқап отырсыңдар? Ұннан наубайханада әр түрлі аңдар пісіріп шығарады, оны дүкендерге балабақшаларға жібереді. Міне балалар біздің бүгінгі іс-әрекетіміз ас атасы нан туралы болмақ. Балалар біздің дастарханымызға нан оңай келмейді екен, міне жоғарыда айтқандай үлкен еңбекпен келеді екен. Ал сендер күнделікті жеп жүрген нанды біз қайдан аламыз?

Аспазшы апай сендерге нанды қалай пісіретіндігін көргілерің келеді ме? (Аспазшының нан ашыту, қалыпқа салу, пешке пісіруін видео арқылы көрсету)

Нан қоқымын шашпаңдар,

Жерде жатса баспаңдар.

Теріп алып қастерлеп,

Торғайларға тастаңдар. «Ас атасы-нан, Нан атасы-дән» Сонымен нанды қалай

кастерлейді екенбіз?

Аспазшылар орталығы:

Топ қыздарына алдын ала иленген қамыр беріледі. Қыздар ашыған қамырды бауырсақ етіп жайю тапсырылады.

Егіншілер орталығы:

Топ балаларына шағын ыдыстағы топырақты аударып, тырмалап бидай дәнін егу тапсырылады.

«Қайдан келдің бауырсақ?»

Дастарханға шашылып,

Жатты аппақ бауырсақ.

Бауырсаққа қызығып,

Қарап тұрды көзін сап.

Қайдан келдің бауырсақ?

Деп сұрады қуыршақ

-Дүкеннен келім нан сатқан, деді оған бауырсақ.

Дүкенге келдің қай жақтан?

-Диірменнен келдім ұн тартқан,

-Диірменге келдің қай жақтан?

-Диірменге келдім кең жақтан,

Жер анам менің көсілген,

Диқандар мені өсірген.

Балаларға стол үстінде жатқан суреттер арқылы құрастырту, ол суретте нанның қалай келетіні көрсетілген. Ол үшін суреттердің орын-орнын тауып қоюы керек. Сұрақтар қою арқылы балаларды ауызша бағалау.

Аспазшы апай қыздардың жайған қамырынан бауырсақ әкеліп таратады

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Қазақ халқының тағамдары»

Мақсаты: Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндірумен, қатар қандай жолмен алынатынын, түрлерін үйрету арқылы құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларды ұлтжандылыққа, көргенділікке, шапшаңдыққа терең ойлай білуге, жан-жақтылыққа тәрбиелеу..

Көрнекіліктер: Жапсырма, табақша тәріздес бетше, құрт, қаймақ, ақірімшік (брынза), ірмшік, бауырсақ, қазы – қарта, шұбат, қымыз.

Оқу қызметінің барысы: Тәрбиеші: Ал, балалар бүгінгі оқу қызметімізді бастаймыз.

Балалар барлықтарымыз маған қараймыз.

Салтын сүйген баламыз.

Жұлдыздардай жанамыз,

Ұлттың асын ардақтап.

Үйрену жолын табамыз.

Біздің бүгінгі өтетін тақырыбымыз «Ұлттық тағам - ырысым»

Балалар алдымен «Шаттық шеңберін» құралық.

Балалар: Қазақ ұлты дарамыз,

Өсіп келеді санамыз

Жылуыңа жылу қос,

Болашаққа бірге барамыз. (Балалар қол ұстасып айтады)

Балалар орнымызға барамыз. Интерактивті тақтадан төрт түлік малдың суреттері көрсетіледі.

Түйе, Қой, Жылқы, Сиыр.

Тәрбиеші: 1. Балалар, мына төрт – түлік малдың аттарын білесіздер ме?

Кім айтады? (жауап береді)

Тәрбиеші: Айтыңдаршы балалар,

Қандай өнім береді?

Ойсылқара ұрпағы,

Түйе малы киелі.

Қамбар ата ұрпағы,

Қошқар ата ұрпағы,

Қойды бәрі біледі.

Зеңгі баба жалғасы

Тәрбиеші:

Өте жақсы, барлығымызда ұлттық тағамдардың түрлерін, қайдан алынатынын жақсы білеміз екен. Мен сіздердің сөздерінің толықтырып өтейін.

Балқаймақ - Түйе сүтінен немесе айраннан пісірілетін тағам.

Құрт - Ашытылған түйенің сүтінен немесе ашылатын жасалатын сусын.

Шұбат - Тайлақты түйенің сүтінен ашытылған жасалатын сусын.

Ежегей - Жаңа төлдеген малдың уызына қант қосылып пісірілетін тағам.

Айран - Жас түйенің сүтінен алынатын сусын.

Қымыз - Жылқы сүтінен алынып ашытылатын сусын.

Ірімшік - Сиыр сүтінен қант қосылып пісірілетін тағам.

Бұжы - Малдың іш майына ұн қосылып ішекке салынып пісірілген тағам. Ал, сиыр бізге не береді? Қазы - Жылқы етін тұз бен бұрыш қосып, ішекке салып пісірілетін тағам.

Қуырдақ - Төрт – түлік малдың етінен май араластырып пісіретін тағам.

Бауырсақ - Бауырсақты білмейтін қазақ жоқ шығар, ұлттық тағамның ұлы асы. Ұн мен майға пісірілетін тағам.

Дидактикалық ойын: « Затты орнымен сал» ойынын ойнату.

Енді, балалар қолдарымызды берілген ыдысқа құрт пен балқаймақ тағамдарын бөлек – бөлек салу керек, құртты бір бөлек, ал балқаймақты бір бөлек орналастырып салу керек олай болса жұмысқа кірісеміз.

Тәрбиеші: Балалар, енді мына суреттерге назар аударалық.

Тәрбиеші: Балалар мына ыдыстағы дәмнен қонақтарға ұсынайық.

Бүгінгі барлықтарың жақсы қатынастыңдар.

Рахмет! Қонақтар да риза

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: «Ел іші –алтын бесік»

Тақырыбы: «Қонақжайлық»

Мақсаты: Қазақ халқының қонақжай екендігі туралы айту. Инабаттылыққа, асыл сөздер бағалай білуге үйрету.

Сөздік жұмыс: Инабаттылық, қонақжай, дастархан.

Оқу қызметінің барысы:Әженің қонаққа келуі

Балалар әдемі көрпешелердің үстіне отырады. Қонақжайлық туралы, қазақ халқының қонақдай екендігі туралы айтылады.

Қазір бізге қонаққа әжелер келеді, ендеше, дастархан әзірлеп дайындайық. Әжелер келеді. Бәрі орындарынан тұрып, қонақтарды отырғызады.

Бүгін біз қонақ күту, сыйластық туралы айтып отыр едік, жақсы келдіңіздер. Сіздерге өз білгендеріңізді ортаға салып отыруларыңызды өтінеміз. Біздің қыздар қонақжайлық туралы мақал-мәтелдер біледі. Қыздар әжелерге сұрақтар қояды. Қонаққа келген әжелер өз білгендерін айтады. Ал, қыздар қонақтарға арнап ән салып берейік.

Тақпақтар айтылады:

Қонақжай халқымыз,

Қонақты қарсы алып, сыйлайды.

Қонақты сүйген салтымыз,

Дастарханын жимайды.

Қонақ келсе есікке,

Жүгіріп шық, кешікпе.

Қарсы алмаса қонақты,

Кесірі тиер несіпке

Балалар бүгін біз қандай дәстүрмен таныстық? Қонаққа кімдер келді? Қонақты қалай күту керек екен? Қандай мақал-мәтелдер, тақпақтар үйрендік? Әжелер балаларға риза болып, батасын беріп қоштасып, шығып кетеді

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Тыйым сөздер»

Мақсаты: Балалардың бойына еліміздің ата-салтын, адамгершілік асыл қасиеттерді бойларына сіңіре отырып, үлгі-өнеге алуға баулу.

Көрнекіліктер: тыйым сөздер жазылған суреттер.

Оқу қызметінің барысы Халқымыздың ғасырлар бойы жасасып, бізге жеткен асыл мұралардың бірі-тыйым сөздер. Олардан халқымыздың әдет-ғұрпы, наным-сенімін ғана біліп қоймай, бойымызға тәлім-тәрбие сіңіреміз. Тыйым сөздер мазмұны мен мақсатына қарай тұрмыстық-шаруашылық, еңбек, мәдени-гигиена, экологиялық тәрбие, әдеп мәдениетіне тәрбиелейді.

Қазақ халқы осындай ырымдар мен тыйым сөздер арқылы ұл-қыздарын оғаш та осал қылықтарын сынап, тыйым, тәртіпке салып, тәрбиелеп отырған. Ырымдар мен тыйым сөздер- халқымыздың айнала қоршаған орта, табиғат, өзара қарым-қатынас туралы өмірдің өзінен түйіндеген пайымдаулары мен қағидалары, философиялық тұжырымдары, әлеуметтік және мәдени тұрмысының көрсеткіші.

.Ырымдар мен тыйымдар және экология.

Ежелгі халықтардың туған топырақ, атамекен, табиғат, жан-жануарлар туралы ұғым-түсініктері, таным- талғамдары ырымдар мен тыйым сөздерден ерекше орын алған. Олар негізінен жер мен суды, өсімдіктерді, құстар мен жануарларды, аңдар мен жәндіктерді қорғауға, оларға рақымшылық етуге, обал, сауап дегенді сезінуге тәрбиелейді.

Халқымыз «Көкті жұлма» деген,

«Көкті жұлсаң көктей соларсың» деп жаман ырымға жорып, жұлғызбаған.
«Нанды бір қолыңмен үзбе»,

«Нанның үгіндісін аяққа баспа» деген сөздерде дәмге, оны дастарханға келтіретін еңбекке деген құрмет сезімінің ізі бар. Сондай-ақ ата- бабамыз «Тал кескенше, қолыңды кес», «Қарағай кессең, қаңғырып қал» деп өсіп тұрған ағашқа тигізбейді. От жағуға тек қарағай мен шыршаның кеуіп кеткенін, малдың қиы мен тезегін пайдалануда күнкөріс қамынан да басқа себеп болса керек. Халқымыздың тобылғылы сайға қой түсіртпей, ши атаулыны қорық қылып, күзет қоюының өзі күнкөріс қамы ғана емес,

табиғатты қорғау, аялау әрекетінен туындаса керек. Қазақ халқының жер,су туралы ұғым-түсініктеріне назар аударалық «Обал болады» деп егінді, шалғынды жерді бет алды бастырмаған, «Ағын судың арамь жоқ» деп суға дәрет сындырмаған, «Судың да сұрауы бар» деп ағынды суды бұрғызбаған.

Құстар мен аңдарға жасаған рақымшылығын мынадай ұғымдардан білеміз: Ата-бабаларымыз малды тепкізбеген.. «Қойдың сүті қорғасын, қойды тепкен оңбайды» деген, «Құты қашады» деп малды басқа ұрғызбаған, балағаттамаған. ептеп шығарған. Халықтың педагогикалық тәрбие құралдары мен тыйымдарын жүйелі түрде пайдаланып, сөзіміздің қадірін арттыру өз қадірімізді арттырумен бірдей.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Жұмбақтар»

Мақсаты: Балаларға жұмбақ туралы білім беру. Шығармашылық халық ауыз әдебиетімен таныстыру. Ой - өрісін дамыту. Тіл байлығын жетілдіру. Оқу қызметіне деген қызығушылығын арттыру.

Көрнекіліктер: суреттер салынған жұмбақтар

. Оқу қызметінің барысы: - Бүгінгі оқу қызметімізді мейіріммен, қуанышпен бастайық.
Күннің көзі ашылды.
Көкке шуақ шашылды
Құтты қонақ келіпті
Төрімізге еніпті

Ал, енді балалар қазір қай мезгіл екенін айтып өтейік.

Бір жылда қанша мезгіл бар?
Соның қазір қай мезгілі?
Қыс қанша айдан тұрады?
Біз қыс мезгілінде қандай мерекелерді атап өттік?
Ал енді, балалар төрт мезгілге байланысты тақпақ айтайық.
Қандай қызық қыс деген?
Бәрін шебер істеген
Бақша - бауды, тауды да,
Бояған ақ түспенен.
Ал, енді балалар Бүгінгі оқу қызметімізді «Жұмбақтар әлемі» бастаймыз.
Енді балалар жұмбақтар әлеміне барайық.
Мына жерде не көріп тұрсындар?
Балалар сендер жұмбақтарды шешкенді жақсы көресіндер ме?
Жұмбақтар әр түрлі болады екен.

Олармен жақынырақ танысу үшін мен сендерді жұмбақтар көрмесіне шақырамын. - Жұмбақ халық ауыз әдебиетінің бір түрі. Әр жұмбақта заттың аты аталмайды, оны шешу үшін ойланып, не туралы жасырылғандығын табу керек. Жұмбақтың шешуін оңай жолмен табу үшін ұқсайтын затпен салыстырады немесе ерекше сөзбен айтылады.

Ал енді, балалар бізге жұмбақ түсінікті болса, төрт мезгілге байланысты бір - бірімізге жұмбақ жасырайық. Бір - біріңе төрт мезгіл туралы айтып өттіңдер. Сол төрт мезгіл туралы қандай жұмбақ білеміз? Қыста қандай ойындар ойнайсындар? Көктемде қандай мерекелерді атап өтеміз? Жазда күн қандай болады?

Күзде күн қандай болады Жұмбақ шешуін тапқан қандай қызық балалар, ал жұмбақты ойлап тапқан одан да қызық екен.

Ал енді, балалар ертегілер еліне саяхатқа барайық. Балалар мына жерден

қандай ертегілерді көріп тұрмыз?

Біз барлық ертегілерді біледі екенбіз. Енді сендерге осы ертегі бойынша жұмбақ жасырайын.

Бүгінгі біз жұмбақ әлемі туралы айтылғандығын, онда жұмбақтың шешуін тапқан қандай қызық, ал жұмбақты ойлап тапқан одан да қызық екендігін білдік.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Мақал-мәтелдер»

Мақсаты: Балалардың мақал - мәтел туралы білім, білігін тереңдету, салыстыру, ажырата білу дағдылары мен оқу, талдау машықтарын қалыптастыру, мағынасын түсіне білуге үйрету, мақал - мәтел тіліміздегі сөздің көркі екенін ұғындыру

Көрнекіліктер: мақалдар, ойындар.

Оқу қызметінің барысы: 1. Ой қозғау

Оқусыз білім жоқ,

Білімсіз күнің жоқ.

- Балалар, мына берілген сөздер тобын не дейміз?

- Ендеше балалар, мақал мен мәтелдің не екенін еске түсірейікші

Тұрақты тіркестер сияқты мақал - мәтелдер де - әбден қалыптасқан, орныққан сөздердің тобы. Мақал - мәтелдердің құрамындағы әр сөздің орны тұрақты болады. Ондағы сөздердің орнын ауыстыруға немесе бір сөзін басқа сөзбен алмастыруға келмейді.

Мақал - мәтелдер де сөйлеу барысында жасалмай, бұрыннан қалыптасқан даяр қалпында қолданылады. Мақал - тәрбиелік мәні бар, ақыл - нақыл сипатында айтылатын сөздер тобы.

Мысалы: Кең болсаң, кем болмайсың.

Осылайша мақалдар көбінесе екі бөлімді болып келеді де, бірінші бөлімде шарт немесе себеп - салдары, екіншісінде қорытынды пікір айтылады.

Мақал - тәрбиелік мәні бар, ақыл - нақыл сипатында айтылатын сөздер тобы.

Мысалы: Кең болсаң, кем болмайсың.

Осылайша мақалдар көбінесе екі бөлімді болып келеді де, бірінші бөлімде шарт немесе себеп - салдары, екіншісінде қорытынды пікір айтылады.

Мәтел - ой - пікірді бейнелеп, тұспалдап, ишаралап тұратын сөздер тобы.

Мақал - мәтелдерді орынды қолдану сөздің әсерлілігін күшейтеді әрі ойды айқын да нақты жеткізуге көмектеседі.

Тақтада бір топ суреттер ілінген. Мақал - мәтелдерді орынды қолдану сөздің әсерлілігін күшейтеді әрі ойды айқын да нақты жеткізуге көмектеседі.

1. мақал дегеніміз не? 2. Мәтел дегеніміз не?

3. Айырмашылығын атаңдар?

Үй тапсырмасын беру: Мақал - мәтелдер жаттап келу.
балаларды мадақтап, бағалау.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Заттар неден жасалған? Адам өміріндегі маңызы»

Мақсаты: Балаларға адам өмірінде қолданылатын заттардың неден

жасалғаны, маңыздылығы туралы түсінік беру. Заттардың қолдануы, жасалуы туралы түсініктерін, сөздік қорындамыту. Үлкендердің еңбеген бағалауға, айналасында қоршаған әрбір затқа қамқоршылықпен қарауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: балаларға ертегі кейіпкерлерінің атрибуттарын, киімдерін дайындау, әртүрлі заттарды жинау.

Оқу қызметінің барысы: Тәрбиеші балаларларды ортаға шақырып сәлемдесу лебіздерін білдіртеді:

Армысың, ардақты Аспан ата! Армысың, мейірімді Жер – Ана!

Армысың, шұғылалы алтын күн! Біз әдепті баламыз,
Біз ерекше боламыз. Қонақтарды көргенде-Сәлеметсіздер ме!- деп,
Сәлемдесіп аламыз.

Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу Балаларға жаңа оқу қызметінде тақтадағы сурет арқылы адамдардың тіршілігіндегі, күнделікті өмірде қолданылатын заттар туралы болатынын айтып өтемін. Заттардың барлығына да мөз қолымен жасайды. Оларды біз табиғатқа жатқыза алмаймыз. Әрбір затты жасау үшін адамдардың білімі мен еңбегі қолданылады, сол үшін бізді қоршаған барлық заттарға қамқорлықпен қарауымыз керек.

(Мыс: үй үлкен, кіші. кірпіштен, ағаштан жасалған. Жаңа-ескі. Машина т.б)

Ал, сен білесің бе ойыншықтарыңның неден жасалғанын? Жұмсақ ойыншықтар жасанды теріден немесе матадан, ал кейбіреуі металдын, пластмассадан немесе әйнектен жасалады. Балалар, мына қорапшаның ішінде қандай заттар бар?

Бұлар неден жасалған?-Қане, балалар, бірге көрейік: үстелдің үстінде шыныдан жасалған әртүрлі заттарды шығарамын: стакан, кесе, құмыра, шыныдыстар, терезенің әйнегі, банка Балалар, бұл шыныдан жасалған заттар. Шыныдан неше түрлі заттарды жасауға болады: ыдысаяқ, айна. Балалар шыныларадан әртүрлі дыбыстар шығады, таяқшамен заттарды соғып тыңдап көрейік. Қандай дыбыстар шығады? Қандай қауіпсіздік ережелерін білеміз: Тәрбиеші: -Қане, балалар, бірге іздейік, қайда тұрекен? Балалар қарандаршы,

мына жерде Әртүрлі жұмсақ ойыншықтар, кигіз үй, тоқылған қолғап бар екен.

-Балалар осы жұмсақ ойыншықтар неден жасалған?

Жүннен, мақтадан жасалған. Бұл табиғи материалдың бір түрі. Оны фабрика заводтарда өндіріп шығарады. Қойдың, түйенің, ешкінің жүндерің түтіп әртүрлі тоқыма тоқуға болады Балалар шаршаған шығармыз, біраз демалып алайық Балалар шаршаған шығармыз, біраз демалып алайық.

1 тапсырма: Балалар, қарандаршы, резеңкеден жасалған заттар бар екен: доптар, секіртпе, резеңкеден жасалған ойыншықтар, резеңкеқолғап.

Қандай қауіпсіздік ережелерін білесіңдер?

2 тапсырма: Балалар, мына жерде ағаштан жасалған заттар, ойыншықтар, муз. аспап (домбыра) бар екен.

Ағаштан не жасауға болады?

Топтағы ағаштан жасалған бұйымдарды атайықшы. Ағаштан жасалған заттарды жуып сүртуге болады. Ағаш бұйымдары өте мықты. -Балалар қарандаршы Қызыл Телпекке көмектесу үшін барлық тапсырманы орындадық. Өте қызықты заттар екен.

Енді сендермен ойын ойнайық.

Дидактикалық ойын: «Құрт неден жасалған?»

Балалар сурет бойынша құрттың жасалу жолдарын көрсетіп, түсіндіреді. Балалардан оқу қызметінде соңына тақырып бойынша сұрақтар қойылып қортындыланады. Заттарды хормен қайталайық: ағаштан, резеңкеден, жүннен, шыныдан жасалған заттар. Жақсы қатысқан балалар марапатталады.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері:Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Ұлттық киімдер»

Мақсаты:Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорын молайту, ұлттық сана-сезімін ояту, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: шапан, қоржын, ұлттық киімдер үлгісі және суреттері

Оқу қызметінің барысы: Балалар, біз таңертеңгісін ұйқыдан тұрғанда алдымен қай жаққа қараймыз? Онда нені көреміз?Терезе Дұрыс айтасындар. Қане, балалар, кім айтады, мынау қандай зат?

Дұрыс біз бүгін қазақтың ұлттық киімі – шапанмен таныс боламыз. Балалар жыл мезгіліне байланысты шапанның бірнеше түрі болады.

Шолақ жеңді, ұзын жеңді шапан, ал қыс кезінде киетін қалыңдау түрін – шеппен деп атайды. Шапанның ұзын да, қысқа да түрлері болады. Балалар, шапанды ұстап көріңдер, неден жасалады екен

Шапанның түсі қандай екен?Шапанның шеті немен безендірілген?

Шапанды кімдер киеді?

Балалар, шапанды біз қандай мерекеде киеміз

Дөңгеленіп тұрамыз,

Керегені құрамыз.

Уық болып иіліп,

Шаңыраққа киіліп,

Киіз үйді құрамыз.

Балалар, біз ұлттық киіммен таныстық, оны аталарымыз киетінін білдік. Көбінің аталарың бар. Аталарымызды жақсы көреміз. Мен сендерге ақын Қадыр Мырза Әлі атамыз жазған «Менің атам» деген өлеңін оқып берейік. Мен алдымен өлеңді мәнерлеп оқимын.

Ал сендер өлеңнің кімдер жайында айтылатынын естеріңе сақтап алыңдар. Бұл өлең сендерге ұнады ма? Өлең кім туралы айтылған екен?

Қане балалар өлеңді бәріміз жаттап көрелік.

«Қуыршақты киіндіру» Ойын шарты: Қатты қағаздан жасалған ойыншық қуыршаққа балалардың ұлттық киім кигізуі. Балалар, бәріміз бірігіп, атамыз киетін шапанды жабыстырайық, деп балаларды жабыстыру жұмыстарына жұмылдырылады.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Төрт түлігім-өрісім»

Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету. Үй жануарларының төлдерін ажыратып айтуға, олардың қалай дыбыстайтынын меңгерту. Төрт түліктің пайдасы, олардан алынатын өнімдермен таныстыру. Балалардың сөздік қорын байыту, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларын күтуге, қамқор болуға, ересек адамдардың еңбегін құрметтеуге үйрету.

Көрнекіліктер: Төрт түлікке байланысты суреттер, дидактикалық материалдар, мақал-мәтелдер, сүтөнімдері

Оқу қызметінің барысы: Біз қандай үй жануарларын білеміз? Үй жануарларын қазақша тағы қалай атауға болады? Слайд көрсету төрт түлікке байланысты. Төрт түлік туралы өздерің не білесіңдер?

Дидактикалық ойын: «Ненің дауысы?»

б. Суретпен жұмыс

Мынау не?

Сиыр қайда болады?

Сиыр не дейді?

Сиыр не жейді?

Сиыр не береді?

Сиырды қалай шақырады?

Топтастыру.

Бұл жануардың барлығын төрт түлік дейді. (Еті, сүті, жүні, терісі және көлік болады.) Салыстыру. Ортақ ұқсастықтарымен айырмашылықтарын табу.

Түйе және сиыр Үлкен үй жануары, екікөзі, екіқұлағы, аузы, мұрны, 4 аяғы, өркештері, сабалақ жүні бар, бізге шұбат, көлік болады. Елбасымыздың болашақта өз еліміздің өнімдерін дүние жүзіне таныту керек дегендей біз елімізге аз да болса өз үлесімізді қосайық.

Балалар біз бүгін 3 орталықпен жұмыс жасаймыз.

1. Ғылым орталығы: Онда біз сүт өнімдерінің түрлерін зерттеп, танып білеміз.

а) сүт, қымыз, шұбат деген не?

б) сүттен жасалатын тағамдарды көрсеу.

в) ет тағамдарын көрсету

Ойын «Дәмінен ажырат»

Жұмбақ жасыру

1. Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар. (қой)

2. Апан-апан,

Ескішапан,
Йірқобыз,
Жарықжұлдыз.

Сандық тан төлдер шығады.

ә) Тақпақ «төрт түлік» Малдың баласын төлдейді.

Мал төл дегенде қой қоздайды, сиыр бұзаулайды, бие құлындайды, түйе боталайды.

Суреттегі жануарларды төлдерімен қоса айтып көр. Өртөрт түліктің пірі болады. Шопан ата-қой.

Балаларға рахмет айтып әже сыйын береді.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Қазақтың ұлттық аспаптары»

Мақсаты: Балаларды ұлттық аспаптармен таныстыру.
Ұлттық аспаптарды бір бірінен ажырата білуге үйрету.

Көрнекіліктер: аспаптар: домбыра, қобыз, сыбызғы.

Оқу қызметінің барысы: Тәрбиеші (қолына білезік тағып)

Оң қолымда білезік
Сол қолымда білезік,
Сәнді көйлек киелік
Бәріміз бірге билейік.

Жұмбақ жасыру
Ұзын мойын екі шек,
Қатар – қатар тепкі
Басып қалсаң бір бірлеп
Күй шығады күмбірлеп.

- Балалар, Бұл жұмбақ қандай музыкалық аспап туралы? (Домбыра)

- Біз домбырадан басқа да аспаптарды білеміз ғой?

Ұлттық аспаптар туралы жалпы түсінік беру.

Домбыра – қазақтың ұлттық аспабы. Қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап. Бұл аспапты халық арасынан шыққан небір шеберлер ерекше әсемдеп, шешен сөйлеуге тырысқан.

Қобыз – Ысқыспен ойналатын, қос ішекті ескі музыкалық аспап. Халық арасындағы аңыздарға қарағанда, бұл қобыздың пайда болуы сегізінші ғасырда өмір сүрген, күй атасы Қорқыттың есімімен тығыз байланысты. Жетіген – жеті ішекті шертіп ойнайтын музыкалық көне аспаптардың бірі.

Бұрауы жоқ. Сондықтан оны, құлақ күйі жеті асықты ілгерілі – киінді орналастыру арқылы келтіреді. Шанағы тұтас ағаштан ойылып жасалады.

Сыбызғы – үрлеп ойнайтын ескі музыкалық аспап. Бармақ басатын үш тетігі бар. Сыбызғы аспабының үні самал желдей майда, үні жұмсақ, ерекше әсерлі.

Сыбызғы негізінен ағаштан және қурайдан жасалады. Композитор Н.

Тілендиевтің «Ата толғауы» күйін ұнтаспа арқылы тыңдату.

- Күйді тыңдай отырып, қандай таныс аспаптардың үнін естідіңдер? (домбыра, қобыз, сыбызғы т. б)

Музыкалық дидактикалық ойын

«Аспапты тану»

Ойын ережесі: Ұнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар қимылмен көрсетеді)

Домбыра – Домбыра аспабында қалай ойнайды? (Шертіп) Ендеше шертпелі аспап

Қобыз – Қобызды қалай ойнайды? (Ысып) Ендеше ыспалы аспап
Жетіген – Жетіген аспабында қалай ойнайды? (Шертіп) Жетіген шертпелі
аспап

Сыбызғы – Сыбызғы аспабында қалай ойнайды? (Үрлеп) Үрмелі аспап
Сергіту сәті

«Әуенін тап»

Шарты: ұнтаспа арқылы әртүрлі әуендерден үзінді ойнатады.

Балалар, сол әуендердің қандай ән екенін естеріне түсіріп, әннің атын атайды.

- Міне, біз оларды бір сөзбен нелер деп айтамыз? - Біз ұлттық аспаптардың
түрлерімен таныстық.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Әсемдік бұйымдар»

Мақсаты: Балаларға қазақтың ұлттық бұйымдары, тұрмыстық қолданбалы заттар туралы түсінік беру. Ою - өрнек туралы мағлұмат беру. Дәстүрлі емес әдіс - тәсілдерді қолдана отырып, саусақпен ою - өрнекті салуды үйрету. Баланың есте сақтау қабілетін, елесін дамыту. Балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу

Көрнекіліктер: Киіз үй, үй жабдықтары әже суреттері; түрлі түсті картоннан қиылған ұлттық киім-кешектер мен жиһаздардың пішіндері; тіс пастасы, дымқыл шүберек.

Оқу қызметінің барысы: Бұрынғы кезде біздің ата - бабаларымыз киіз үйде өмір сүрген. Сол киіз үйдің ішінде қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарын ұстаған. Қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарына сандық, көрпе, жастық, киіз, торсық,; киім-кешектерге - кимешек, кажекей, мәсі, сырмақ жатады. Қазақтың қай ұлттық бұйымы болмасын, ою - өрнексіз болмаған.

Бүгін біздер ою - өрнектің «Қошқар мүйіз» деген түрімен танысамыз. «қошқар мүйіз» - ата бабаларымыздың отар - отар қойы болсын деген арман тілегін, молшылықты білдіреді

Тақпақ жаттату:

Қазақта бір ою бар -«Қошқар мүйіз»

Орын алар тұрағы, көрпе - киіз.

Шеберлер осы өрнекпен сәндегенде

Көз тартып құбылады оюуымыз.

Қызықты сәт:

Киіз үйде тұратын

Әженің үйіне қонаққа бару.

Әженің тапсырмасы:

Жұмбақ.

Кіруге адам батпайды

Затыңды аман сақтайды.(сандық)

Текшелеп төрге

Жиғаным не? (көрпе, жастық)

Тәрбиеші:

Балалар! Қараңдаршы, әжеміздің киім-кешектеріне, жиһаздарына не жетіспейді? Балалар: Ою - өрнектер.

Тәрбиеші: Олай болса әженің киім-кешектері мен жиһаздарына ою - өрнектермен безендіріп берейік.

Біздер бүгін әдеттегідей бояумен немесе түрлі - түсті қарындаштармен салмаймыз.Бүгін біз кәдімгі тіс пастасымен, саусақтарымызбен саламыз

Тәрбиеші алдымен өзі үлгі ретінде көрсетеді. Балалар түрлі - түсті қағаздан қиылған киімдер мен жиһаздарға ою салып болған соң, әжеге сыйға тарту етеді.Қимылдық ойын: «Тақия тастамақ»

Қорытындылау, сұрақтар қою, тақпақты қайталау. Балаларды мадақтау.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Зергерлік өнер»

Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық мұраларын таныстыра отырып, зергерлік бұйымдар мұражайына саяхат жасау. Көне замандардан қазіргі заманымызға дейінгі қолданылған зергерлік бұйымдар туралы мәлімет беру, зергерлік өнердің қыр-сырын балаларға меңгерту;

Көрнекіліктер: зергерлік бұйымдар, зергерлік бұйымдарға арналған буклет, дидактикалық материалдар, мақалдар, нақыл сөздер.

Оқу қызметінің барысы:

Елдің жайын ел баққан
Ерлер білер деген сөз.
Зердің жайын зер соққан,
Зергер білер деген сөз

Айна, күміс және қола білезіктер, тарақ, сырға, алқа жасау кең тараған. Қазақстанның зергерлік өнері Алтыннан, күмістен, асыл тастардан, металдардан, жақұттардан зергерлер әйелдер үшін әшекейлер жасау, әр түрлі кеуде әшекейлері, өңіржиек, тұмарша, бұрым әшекейлері-шолпы, шашбау, білезіктер, сақина, жүзіктер, қапсырмалар, ілгектер жасалған.

Әйелдердің әшекейлерін жасаған кезде түрлі техника қолданылды: құю, өрнек салу, нақыштау

«Зергерлік бұйым дүкені» аялдамасы.

. «Алтын» зергерлік дүкеніне саяхат

- Елдана, зергерлік бұйымдар дүкенінде болдың ба?

- Не сатып алдыңдар?

- Қандай білезік?

- Тағы не бар екен?

- Сен не сатып алар едің?

«Келісемін/келіспеймін» әдісі

1. Сақинаны дәрігер жасайды.

Келісесің бе?

2. Сақинаны құлаққа тағады.

Келісесің бе?

3. Білезікті ұл балалар тағады. Солай ма?

4. Әшекей бұйымдарды зергер жасайды. Келісесің бе?

5. Сырғаны қолға тағады. Келісесің бе? 6. Зергерлік бұйымдардың денсаулыққа да пайдасы бар. Келісесің бе?

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Қазақтың қол өнері»

Мақсаты: Қазақтың қолданбалы өнері аяққап, қоржынның жасалу түрлеріне, зергерлік бұйымдар мен ағаш бұйымдарына түсінік беру.

Көрнекіліктер: Қазақтың ұлттық бұйымдары, қоржын, тұскиіз, топтастыру қағазы, бағалау парағы, фишкалар.

Оқу қызметінің барысы:

Қазақтың қолданбалы өнері аяққап, қоржынның жасалу түрлері, зергерлік бұйымдар мен ағаш бұйымдары жайлы әңгімелейміз.

Ағаштан жасалған бұйымдар. Сандық киім кешек тағы басқа заттарды салуға арналған ағаштан жасалған бұйым. Кебеже ағаштан жасалған әшекейлі сандық. Оған тамақ, ыдыс - аяқ салып сақтаған.

Адалбақан - төрде тұратын киім ілетін өрнектелген бұтақты, не бұтақтарын қолдан жасаған сырық.

3. Зергерлік бұйымдар. Білезік - білекке салынатын сәнді зат. Сырға – әйелдердің құлаққа салынатын сәнді зат, алтын, күмістен, асыл тастардан жасалған. Алқа – алтын, күміс, маржанмен әшекейленген омырауша, өңір, өңірше.

Демек қазақ халқының қолөнер бұйымдарының түрлері өте көп. Олардың шығу тарихы алуан түрлі. Міне осындай өнеріміз «Өнер - өмірдің өзіндей мәңгілік» демекші ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып, өмірмен бірге ұштасып келеді. Сергіту сәті:

Маған арнап жекелеп

Әжем басты текемет.

Бір топ адам аяқпен

Теуіп бердік төпелеп

Басу қызық текемет.

Үсті-үстіне төпелеп.

Алда біреу жіппен

Саумалайды жетелеп.

Әрі біраз аунаттық.

Бері біраз аунаттық

Қабат шидін сыртынан

Қайнақ суды саулаттық.

Әр шебер өз өнерін балаларына ғана үйретіп отырған. Өз өнерін балаларына ғана әр шебер үйретіп отырған.

1. Аяққап дегеніміз не?

2. Қоржын дегеніміз не?

3. Тұтқыш дегеніміз не?

4. Түйе баласына байланысты ою?

6. Аққу оюы нені бейнелейді? Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды текшелермен мадақтау, баға

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, әдептілікке, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: көркем суреттер, мақал, ойын.

Оқу қызметінің барысы: Балалар, біз бүгін «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» атты оқу іс-әрекетімізді бастайық. Бізге қонаққа әдемі қыз келіпті.

- Сәлеметсіздер ме, балалар? Менің атым Әдемі қыз. Мен сендерге құр қол келгенім жоқ. Тапсырмалар ала келдім.

- Біз үлкенді қалай құрметтейміз, қалай сыйлаймыз? Үлкеннен бұрын сөйлемеу, алдын кеспей құрметтеу керек.

Кім үлкенді сыйласа,

Кім үлкенді тыңдаса,

Үлкен болған кезінде,

Сыйлы болмақ өзі де. Жақсы бала қандай болады?

Таза жүректі, әдепті, үлкенді тыңдайтын. Жақсылыққа құштармыз,

Жақсы адам болып шығамыз.

Таза сәби жүректен,

Қабылдаңыз мың алғыс. Апаң сенің базардан,

Алма сатып әперді.

Ең үлкенін, жақсысын,

Саған таңдап әперді.

Не деп барып жеу керек,

Рахмет сізге деу керек.

Көлік ішінде егде адамдарға не істейміз?

Үлкенге орын беру. Амандасу. Ұлдар аталарды көргенде

«Ассалаумағалейкум» десе, апа, әже, апайларды көргенде «Сәлеметсіз бе?» деу керек.

Жақсылық пен жамандық туралы мақал-мәтел

. Жақсы аймен күндей,

Әлемге бірдей.

Жақсы туса, ел ырысы,

Жаңбыр жауса, жер ырысы.

Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады,

Жақсымен сөйлессең көңілің ашылады.

Жақсының жүрген жері базар,
Жаманның жүрген жері азар.

Балалар, бізге Әдемі қыз суреттер алып келіпті. Сол суреттер бойынша сөйлесейік. Жаман әдеттерді қара қалтаға саламыз. Жақсы әдеттерді қызыл қалташаларға саламыз.

- Мына суретке қараймыз, не көріп тұрмыз? Қыз бала мен ұл бала ағаш отырғызып ожатыр. Бұл балалар қандай балалар?

Жақсы, онда Ілияс қай қалтаға салады екенін көрейік.

- Екінші суретке қарайық. Не көріп тұрмыз?

- Ендігі суретте не көріп отырсыңдар?

- Бұл суретте бала ағашқа шығып, құстың ұясын бұзып жатыр. Бұл қандай бала? Жаман бала.

- Кәне, қалай көмектеседі екенсіңдер көрейік.

Ұлдар:

Апам үшін күнде мен,

Отын ағаш жарамын.

Су құямын гүлге де,

Дүкенге де барамын.Қыздар:

Сыпырамын үй ішін,

Жуам ыдыс – табақты.

Апам бірақ мен үшін,

Оқымайды сабақты.

«Жақсы мен жаман» көрініс.Қорытынды:

- Әдемі қыз біздің балалар сен әкелген тапсырмаларды орындады. Біздің балалар жамандық пен жақсылықты ажырата біледі.

- Балалар, жақсыдан үйренеміз, жаманнан жиренеміз. Ал, Әдемі қыз келесі кездескенше сау бол.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші - алтын бесік

Тақырыбы: «Түлкі мен қасқыр».

Мақсаты: Балаларға ертегінің мақсатын түсінуге көмектесіп түлкі мен қасқырдың жол үстінде жатқан етке тап болғанын, бір-біріне сен жиі ғой деп айтқан сөздерін түсіндіру.

Көрнекіліктер: жабайы жануарлардың суреттері.

Оқу қызметінің барысы: Кел балалар күлейік!

Күлкіменен түлейік!

Қабак түйген не керек,

Көңілді боп жүрейік!

Кел балалар күлейік!

Күлкіменене түлейік!

Күлкі көңіл ашады,

Күліп өмір сүрейік! Балалармен өтілген іс-әрекеттерді қайталау.

Өткенде қандай сурет бойынша әңгіме құрастырдық? Қандай ән тыңдадық? Балалар мына суретте не көріп тұрсындар? Түлкі мен қасқыр қандай аң?

Міне бүгін біз осы түлкі мен қасқыр туралы ертегі оқимын мұқият тыңдандар. «Түлкі мен қасқыр». Ертеде түлкі мен қасқыр дос болыпты. Бір күні екеуі келе жатып, жол үстінде жатқан бір кесек еттің үстінен шығыпты. Етті түлкінің де қасқырдың да жегісі келіпті. Қасқыр түлкіге сен жей ғой, досым, депті. Түлкі арсалаңдап менің аузым ораза ғой, депті. Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде, мойынын қақпан қауып қалыпты да ет ұшып кетіпті.

Түлкі етті қағып алып, жеп қойыпты. Сонда қасқыр. Ей, досым-ау, сенің аузын ораза емес пе еді? – депті. Түлкі оразам сенің мойныға түсті ғой, деп зыта жөнеліпті. Ертегі ұнады ма? Түлкі мен қасқыр жол үстінде нені көрді? Етті кім жеді? Неге олай болды?

Ертегінің мазмұнын сұрау.

Ертегіні саусақ театры арқылы көрсету. Балалар өздері рольдерге бөліп ойнау арқылы қорытындылау.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Қайырымдылық»

Мақсаты: Балаларды жақсылық, қайырымдылық, өзара көмек жайлы түсініктерін кеңейту, ойлау қабілетін, қызығушылығын, шығармашылық қабілетін арттыру. Өзара ынтымақтастыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: көркем суреттер, мақал, жұмбақ.

Оқу қызметінің барысы:

Қуан шаттан алақай

Қуанатын келді күн.

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін. Балалар біз бүгін сендермен қайырымдық ұғымымен танысамыз.

Қайырымдылық- ол қамқорлық, жақсылық, мейірімділік, көмек жасау, аяушылық, жанашырлық, адамгершілік деген мағына береді.

Балалар мен сендерге Максим Зверевтің бір әңгімесімен танысамыз.

Әңгіменің аты «Суық торғай»

Балаларға әңгімені суреттерді көрсету арқылы түсіндіру.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз,

Қолымызды соғайық.

Иілеміз оңға бірі,

Иілеміз солға бір.

Бір отырып,

Бір тұрып.

Орнымызға отырамыз.

Қарама-қарсы сөзді табу.

1.Қайырымдылық

2.Жақсылық

3.Мейірімділік

4.Адамгершілік

5.Жанашырлық

6.Сыйластық

7.Қамқорлық

Балалар біз бүгін сендермен адамға жақсылық жасау, көмектесу, қамқор болу керектігін үйрендік. Әрқашанда адал, мейірімді болып өсейік.

Сұрақтар қоя отырып оқу қызметін қорытындылау.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Ақылды қыз»

Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнымен таныстыру. Балаларға мейірімділік және ақылды ұғымдарын суреттерді көрсету арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту. Жақсы қасиеттерді тұла бойына сіңіруге баулу.

Көрнекіліктер: ертегі кейіпкерлерінің суреттері

Оқу қызметінің барысы: Ақылды қыз (Ертегі)

Ертеле бір хан болыпты. Онын бір-ак кызы бар екен. Сонлыктан оған тіл тигізбейлі. Соның елінде шал мен кемпірдің Есімше және Көсемше деген екі ұлы болыпты.

Сол ханның малын Есімше бағалы екен. Ханның кызы Есімшеге ғашық екен. Екеуі жасырын кезлесіп жүрелі. Бір күні хан сапарға аттаналы.

Сол күні қыз бен жігіт екеуі кашып кетелі. Хан сапарлан қуанып келеді.

Қызлы кашып кетті легенле түрлі бұзылып. нөкерлеріне:

-Тез апала кыз бен жігітті тауып әкеліңдер, егер ол екеуін таппасаңдар, бастарыңлы аламын! – лелі.

Нөкерлері ле тез апала кыз бен жігітті тавып, ханның алдына әкеледі.

Сол кезле хан мән-жайын білген сон кызы:

-Әке. мен сізлін орныңызла болсам. еллін камын жасап. мейірімлі болар едім,

- лелі. Ханның өзі еллін жағлайы емес. өзінін жағлайы артык болғанын жақсы көріпті. Сөйтіп. ен сонынла қызынан жеңілген хан еліне ұлан асар той жасап, мейірімді болуға тырысты.

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі

Кіп-кішкентай ағаштар

Үп-үлкен боп өседі.

-Балалар бүгін біз қандай ертегімен таныстық?

-ертегі кейіпкерлеріне мінездеме берейікші?

-ханның кызы не деді?

-Ханның мінезін кім өзгертті?

Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды жұлдызшалармен мадақтап, бағалау. Балалар ертегіні мазмұндай алады.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Еңбекқор мен жалқау»

Мақсаты: Балаларды еңбек туралы түсініктерін кеңейту, еңбек ету дағдыларын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: көркем суреттер, мақал, жұмбақ.

Оқу қызметінің барысы: Тәрбиеші балалармен бірге «Болайықшы осындай» өлеңін бірге қайталайды.

Жақсы бала еңбекшіл
Ер азамат болады
Қиындықты жеңіп кіл
Құшағы гүлге толады
Еңбекшіл осындай
Болайықшы осындай.

Тәрбиеші суреттерді көрсету арқылы «еңбекқор», «жалқау» туралы түсініктерін кеңейту үшін М.Төрежановтың «Ертеңге қалдыруға болама?» атты әңгімесін оқып, талдаймыз.

Ойын: «Мен еңбекқор баламын»

Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып, допты басқа балаға лақтырады.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз,
Қолымызды соғайық.
Иілеміз оңға бірі,
Иілеміз солға бір.
Бір отырып,
Бір тұрып.
Орнымызға отырамыз.

Енді біз сендермен еңбек туралы мақал жаттап үйренеміз.

Мақал

1. Еңбектің наны тәтті,

Жалқаудың жаны тәтті.

2. Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Ғажайып сөздерді қайталайықшы бәріміз бірге. жақсы бала еңбекқор, тілалғыш, ұқыпты. еңбек адамға қуаныш сыйлайды, жақсы еңбегі үшін бағалайды. -Балалар біз бүгін оқу қызметінде ата-анамыздың айтқанын тыңдап, бұлжытпай орындап, тілалғыш, ұқыпты, еңбексүйгіш бала болуды үйрендік. жақсы қатысқан балаларды текшелермен мадақтап бағалау

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Ақыл.Ғылым.Бақыт»

Мақсаты: Балалардың ой-өрісін дамыту. Ақыл, ғылым бақыт сөздерінің мағынасын түсіндіру.

Көрнекіліктер: ертегі кейіпкерлерінің суреттері

Оқу қызметінің барысы: Ерте, ерте, ертеде. Баяғы бір заманда Ақыл, Ғылым, Бақыт - үшеуі бір-бірінен артықшылығын салыстырып таласып сарапқа түсіпті. Сарапшылар оларға былай депті:

Бірінші Бақытқа: сен, тұрақсыз, опасызсың, орныңды таңдамай қонасың, қонғаныңды ісіңтесің, тасытасың, ақырында бір күні лақтырып тастап кетесің. Ақылмен тізе қос, сонда көп жасайсың, - депті.

Екінші Ғылымға: дүниеде сенен күшті нәрсе жоқ, қара тасты қайнатасың, дүние жүзін жайнатасың, сақауды сайратасың, жоқты бар, бардан жоқ жасайсың, бар ғаламды өзіңе бағындырғың келеді, бағынбағанды демде әлек қыласың. Түзеу де, бұзу да сенен шығады. Ақылмен бірік, сонда абыроймен ұзақ жасайсың, - депті.

Үшінші Ақылға: дүниеде адамзатқа сенен артық дос жоқ, бірақ Ашу үстіңе кіріп келгенде, орныңды беріп шығасың да кетесің. Ашу бүлдіріп-бүлдіріп кеткен соң, кіресің де ашудың бүлдіргенін оңдайсың. Әуелден орныңнан тұрмай отырсаң, Ашу сенің үстіңе кірмеген болар еді.

- Барыңдар, Ақыл, сен адам бол, Ғылым, сен ат бол, Бақыт сен қамшы бол. Үшеуің біріксең ешбір мұң-мұқтаждарың болмайды, - депті.

Балалар сендерге ертегі ұнадыма?

Ертегі не жайында айтылған?

Ақыл, бақыт, ғылым не үшін ұрысты?

Кім күшті болды?

Сарапшылар не деді?

Балаларды текшелермен мадақтар, бағалау.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Байлық пен ақыл»

Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиеті үлгісі - ертегімен таныстыра отырып оларға адалдық, ойшылдық ақылдылық адамды бақытқа жеткізетінін түсіндіру. Балалардың сөздік қорын молайту. Мейірімділікке, еңбек кештікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: ертегіге байланысты суреттер.

Оқу қызметінің барысы: - Балалар сендер өткен оқу қызметімізді жақсы меңгерген екенсіңдер. Енді ертегінің не екенін білесіңдер ма? Қандай ертегіні білесіңдер?

Балалар жауабын тыңдау.

Ертегі сөзінде қанша дыбыс бар?

Сонымен балалар ертегіден халқымыздың тұрмыс - салтын, әдеп - ғұрпын білеміз. Онда шындық оқиға мен қиял – ғажайып оқиға аралас келіп отырады.

Жаңа тақырып. Байлық пен ақыл ертегісі.

Ертегіні анық, мәнерлеп оқып мазмұнын түсіндіреді. Сұрақ – жауап арқылы ертегі мазмұны түсіндіріледі. Ертегі рольге бөлініп оқылады.

Ертегі дегеніміз не?

Түрлі ертегілер экранда

Ой толғаныс.

Жаңа тақырыпты қорыту үшін тапсырма.

Тақырыбы: Байлық пен ақыл

Кейіпкерлері: әкесі, төрт ұлы.

Ертегі түрлері: Тұрмыс - салт, қиял - ғажайып т. б.

Сұрақ: Әкесіне соңғы ұлының жауабы неге ұнады?

Ол не деді?

балалардың жауабы:

Тек еңбек сүйгіш екі қолым, қайрат жігерге толы жүрегім бар деді.

Еңбек туралы мақал – мәтел: +

Балаларды бағалау.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері:Ел іші-алтын бесік

Тақырыбы: «Қонақ күту рәсімі»

Мақсаты:Балаларға қазақ халқының қонақжайлы халық екенін түсіндіру. Үйге келген қонаққа кең пейілділік таныту керектігін ұғындыру.

Көрнекіліктер: көркем суреттер, мақал, тақпақтар.

Оқу қызметінің барысы:

Қонақ келсе тік тұрып,

Қарсы алатын халықпыз

Ата-анамыз ұқтырып

Қойған салтқа қанықпыз.

Қонақжай халқымыз,

Қонақты қарсы алып, сыйлайды.

Қонақты сүйген салтымыз,

Дастарханын жимайды.

Қонақ келсе есікке,

Жүгіріп шық, кешікпе.

Қарсы алмаса қонақты,

Кесірі тиер несіпке.

Әр халықтың өзіндік салт-дәстүрлері болады. Соның бірі –қонақ күту рәсімі.

Үйге қонақтар шақырған кезде ең алдымен дастархан жайып, тағамдарды қояды.

-қонаққа алдын ала шақырылады

-қонақтар келер алдында үй-ішінің таза болуын қадағалап, сәнді киіміді дайындап қояды.Қонаққа ең жақын достарды шақырылады.

Мақал

«Бір көрген біліс, екі көрген таныс» мақалды жаттау.

